



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАТУ МИНИСТРЛІГІ



«Инклюзивті білім берудің заманауи парадигмасы»

2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті білім
беруді іске асыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық



BR21882231 «Концептуальная модель обеспечения
инклюзивности и доступности в системе среднего
образования Казахстана» бағдарламалық-нысаналы
қаржыландыру шеңберінде



Мазмұны



1-аспект

6 Инклюзивті саясатты іске асыру

2-аспект

27 Инклюзивті тәжірибені дамыту

3-аспект

49 Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру

4-аспект

72 Күтілетін нәтижелер



Қысқартулар

БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕБҚ	ерекше білім беруді қажет ететін
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
НҚА	нормативтік құқықтық акт
ППҚҚ	психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі
ҰБДҚ	Ұлттық білім беру деректер қоры
Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА	Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЮНЕСКО	Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы
CRPD	The United Nations Convention on the Rights of Persons with Disabilities
PISA	Programmed for International Student Assessment (Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама)



1

Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктерімен өлшенбейді

Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж

2

3

Шынайы қарым-қатынас негізінде ғана сапалы білім алуға болады

Кез келген адамның жетістіктері қолынан келетін істерімен өлшенуі тиіс

4

5

Әрбір адам сезінуге, ойлауға қабілетті

Әрбір адам қарым-қатынасқа түсуге құқылы

6

7

Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді

Әртүрлілік адамды тек дамыта түседі

8




ЖАЙЛЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жайлы инклюзивті білім беру ортасы – бұл білім алушылардың әртүрлі жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескеретін барлық жағдайлар жүйесі, оның ішінде білім беру ұйымының ішкі кеңістігі:

- кедергісіз орта
- психологиялық қауіпсіздік
- оқытуды дараландыру
- отбасымен ынтымақтастық
- ресурстар мен қолдау



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМАСЫ





ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТ

1

ИНКЛЮЗИВТІ СЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Инклюзивті саясат – білім беру ұйымының бірыңғай стратегиясы, ол білім алушылардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге және сақтауына, оларды қоғамға интеграциялауға, сондай-ақ инклюзивті қоғамның құндылықтарын қолдауға бағытталған



- Білім беру ұйымдарында барлық балалар үшін оқу және даму үшін тең жағдайларды қалай жасауға болады?
- Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалармен жұмыс істейтін педагогтерге қалай көмектесуге болады?
- Инклюзивті саясаттың білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан сақталуын қамтамасыз ету үшін не істеу керек?





ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ

Кедергісіз орта

Білім беру ұйымындағы кедергісіз орта - ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда, барлық білім алушылар үшін қолжетімділікті және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жағдайлар

Іс-шаралар

ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін білім беру ұйымдарында орта мен оқу үдерісін бейімдеу арқылы қолжетімді білім беру кеңістігін қамтамасыз ету

Орындаушылар

жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдарының басшылары

Аяқталу формасы

білім беру ұйымы ғимаратын жаңа оқу жылына қабылдау актісі



Кедергісіз орта құру үшін міндетті көрсеткіштер

1

Ғимаратқа кіру:

- пандустардың болуы;
- екі жағында (көлденең) тұтқалардың болуы;
- жоғарғы және төменгі бөліктерінде жарақаттамайтын тұтқалардың болуы

2

Ғимараттағы қозғалыс жолдары:

- мүгедектігі бар балалар мен/немесе адамдарға арналған көтергіш құрылғымен жабдықтау;
- баспалдақтарда бедерлі (тактильді) жолақтардың болуы;
қажетті жерлерде тұтқалардың, балдақтарға арналған ілгектердің болуы

3

Санитариялық-тұрмыстық ғимараттар:

- санузелдерде есік ойығын кеңейту;
- унитаздың жанында арбаларға арналған аймақтың болуы;
- раковиналарды арбаларға оңтайлы деңгейде орнату
- раковина маңындағы кеңістікті арбаларға бейімдеу

4

Ақпарат және телекоммуникация құралдары:

- қажетті тактильді жазбалардың болуы;
- кіреберісте естілетін аумағы бар дыбыстық бағдаршамның (радиосигналы бар динамик) болуы



РЕСУРТАР

Ресурстар дегеніміз не?

Білім беру ұйымдарындағы кедергісіз орта – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда барлық білім алушылар үшін қолжетімділік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жағдайлар

Іс-шаралар

ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін білім беру ұйымдарында ортаны және оқу үдерісін бейімдеу арқылы қолжетімді білім беру кеңістігін қамтамасыз ету

Орындаушылар

жергілікті атқарушы органдар
білім беру ұйымдарының басшылары

Аяқталу формасы

білім беру ұйымы ғимаратын жаңа оқу жылына қабылдау актісі



ЖАЙЛЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Білім беру ұйымдарындағы ресурстар – сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін қажет арнайы оқу жабдықтары, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) және басқа да құралдар сияқты әдістемелік құралдардың жиынтығы

Іс-шаралар әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету (арнайы оқу жабдықтары, оқулықтар, ОӘК, ЦБР және т.б.)

Орындаушылар білім басқармасы, баспалар және оқу материалдарын әзірлеушілер

Аяқталу формасы оқу материалдарын бекіту және сатып алу, оқу ресурстарымен қамтамасыз ету туралы есептер, жабдықтарды қабылдау-тапсыру актілері



Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттері

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттері — білім беру ұйымдарында әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық, түзету және әдістемелік қолдау көрсетуге арналған арнайы жабдықталған кабинеттер



Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеттері не үшін қажет? Қолдау кабинеттері инклюзивті білім беру кеңістігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл кабинеттерде ерекше білім беруді қажет ететін әрбір балаға сапалы білім алу және оқу мен әлеуметтік бейімделу барысында жан-жақты қолдау көрсету мүмкіндігі беріледі



Қолдау кабинеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етіледі





Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) – әртүрлі бұзылыстары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген арнайы білім беру жүйесіне арналған оқу материалдары мен оқу құралдары

Арнайы білім беру үшін АИБД ҰҒПО әзірлеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК)



Зияты зақымдалған балалар үшін ОӘК
Есту қабілеті зақымдалған балалар үшін ОӘК
Көру қабілеті зақымдалған балалар үшін ОӘК



АИБД ҰҒПО әзірлеген әдістемелік
ұсынымдар



Инклюзивті білім беру бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар – мұғалімдер мен білім беру саласының басқа да қызметкерлеріне арналған нұсқаулық, оның мақсаты – барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға, білім алу мен даму үшін тең мүмкіндіктер жасалатын инклюзивті білім беру ортасын құру.




Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған білім беру ортасын құру, оларды қолдау, сондай-ақ БЖБ мен ТЖБ үшін сараланған тапсырмаларды құрастыру және басқа да мәселелер бойынша ұсынымдар әзірледі.



Психологиялық-педагогикалық қолдауға қатысушылар

Психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуды ұйымдастырудағы өзара әрекеттесу алгоритмі





Психологиялық-педагогикалық қолдауға қатысушылардың функциялары

Әкімшілік

- білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырады
- қауіпсіз және психологиялық тұрғыдан жайлы ортаны қамтамасыз етеді
- балалар туралы жеке ақпараттың құпиялығын сақтайды

Педагог-психологтар

- білім алушыларға консультациялар мен дамыту сабақтарын өткізеді
- білім алушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетеді

Әлеуметтік педагогтер

- балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін анықтайды, олардың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешеді
- әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсетеді, балаларды қоғамда өмір сүруге бейімдейді

Арнайы педагогтер

- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім беру қажеттіліктеріне бағалау жүргізеді
- қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлеуге қатысады


Педагог-ассистенттер

- жеке және топтық сабақтар өткізеді
- қолдаудың жеке бағдарламаларын әзірлеуге қатысады
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдайды



БІЛІМ АЛУШЫНЫ ҚОЛДАУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК МОДЕЛІ

халықаралық тәжірибені ескеріп әзірленген





1-деңгей

СЫНЫПТАҒЫ ҚОЛДАУ

Педагогтер жүзеге асыратын сынып деңгейіндегі қолдау процесі

Оқу қиындықтарына алғашқы әрекет.

Жекелеген оқушылардың оқу және/немесе мінез-құлықтағы ерекшеліктерін ескере отырып, педагог оқу бағдарламасын бейімдейді, тапсырмаларды саралайды, ата-аналармен мәселенің себептерін талқылайды және тиімді стратегияларды қарастырады.

Қатысушылар – педагогтер, ата-аналар





2-деңгей

МЕКТЕПТЕГІ ҚОЛДАУ

Қолдау процесі мектеп деңгейінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен бірлесіп жүзеге асырылады

Қолдау процесі мектеп деңгейінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен бірлесе жүзеге асырылады. Бұл кезеңде сынып жетекшісі ППҚҚ мамандарын ортақ міндеттерді шешуге тартады. ППҚҚ тарапынан қолдау жоспары, дамыту сабақтары, қажет болған жағдайда қолдаудың жеке бағдарламасы әзірленеді, оқушылардың оқу үлгерімі бақыланады.

Қатысушылар – әкімшілік, ППҚҚ (педагогтер, педагог-психолог, педагог-логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент, ата-аналар)



3-деңгей

МЕКТЕПТЕН ТЫС ҚОЛДАУ

Сыртқы мамандардың көмегімен қолдау процесі

Егер білім алушының білім беру қажеттіліктері күрделі, тұрақты және қарқынды қолдауды қажет етсе, мектептен тыс мамандар тартылады. Балаларды психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, мамандардың (сурдопедагог, тифлопедагог, клиникалық психолог және т.б.) түзете-дамыту бағдарламалары негізінде сүйемелдеу жүзеге асырылады

Қатысушылар – ресурстық орталық, арнайы мектеп, ППТК, ПМПК, психологиялық орталық





ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ АЛГОРИТМІ

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалау мектеп (педагог және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі) тарапынан да, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) тарапынан да жүзеге асырылады

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі

1

Педагогтің ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) анықтауы

2

Мамандардың оқуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін тексеру және бағалауы

3

ПМПК және білім беру ұйымы ППҚҚ-ның ерекше білім беру қажеттіліктерін оқытуда айқын қиындықтары бар балаларды тереңдетіп тексеру нәтижелері бойынша бағалауы

4

Мамандардың оқуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін тексеруі және бағалауы

*Ерекше білім беру
қажеттіліктерін бағалау
тәртібі келесі бұйрықтарға
сәйкес реттеледі*

ҚР БҒМ №4 және
ҚР ОАМ №92





2.КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Дайындалған кадрлармен қамтамасыз ету

Мақсат: білім беру ұйымдарын инклюзивті білім беру бойынша міндетті курстарды енгізу, сондай-ақ практикалар мен тағылымдамаларды ұйымдастыру жолымен кадрлармен даярлауды қамтамасыз ету

Іс-шаралар

Біліктілікті арттыру курстары, ашық сабақтар, мастер-кластар, қашықтықтан әдістемелік сүйемелдеу, ресурстық орталықтармен жұмыс

Орындаушылар

Білім басқармалары, білім беру ұйымдарының басшылары

Аяқталу

Колледждер/жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдер, өткізілген тәжірибелер туралы есептер, студенттер мен білім беру ұйымдарының пікірлері

Барлық мамандықтар бойынша педагогтердің лауазымдық міндеттеріне инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау кіреді



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2009 жылғы 13 шілдедегі
№ 338 бұйрығы

ҚР ОАМ-мен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі



2024 жылы ҚР ОАМ-мен
келісілген біліктілікті
арттыру курстарының білім
беру бағдарламаларының
тізбесі



«Менторлық пен тәлімгерлік» ЖОБАСЫ

Мақсаты: жас мамандарды қолдау және табысты тәжірибелермен тәжірибе алмасу

Іс-шаралар

Жас мамандарға арналған білім беру ұйымдарында тәлімгерлікті енгізу (сабақтарды бірлесіп жоспарлау, тәжірибе және табысты практикалармен алмасу)

Орындаушылар

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік бірлестіктердің басшылары

Аяқталу формасы

Тәлімгерлік бағдарламасы, тәлімгерлік кездесулердің нәтижелері туралы есептер, жас мамандардың пікірлері





Өткізу кезеңдері

1

Дайындық

- жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау
- кіріспе тренингтер мен мастер-класстар жоспарын
- әзірлеу
тәлімгерлік үшін кесте құру және ресурстарды таңдау

2

Жұмысты таңдау және жоспарлау

- бірлескен сабақтар мен мастер-класстар үшін
- тақырыптарды таңдау
- кездесулер мен воркшоптардың кестесін әзірлеу
менторлық сессиялар үшін материалдар мен тапсырмаларды дайындау

3

Кіріспе тренингтер мен шеберлік сыныптарын өткізу

- жас педагогтарға арналған кіріспе тренингтер өткізу
- сабақтарды бірлесіп жоспарлау, шеберлік сыныптарын өткізу

4

Тәжірибе алмасу және бірлесіп оқыту

- менторлар сабақтарын бірлесіп өткізу
- қиын жағдайлар мен олардың шешімдерін талқылау
- табысты тәжірибелер мен жағдайлармен алмасу

5

Бағалау және кері байланыс

- менторлық барысы туралы қатысушылардың пікірлерін жинау
- өткізілген іс шараларды талдау және есеп жасау
- нәтижелерді мектеп сайттарында жариялау



«Дағдыларды жаңарту курсы» ЖОБАСЫ

Мақсаты: инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтер мен мамандардың біліктілігін арттыру

Іс-шаралар Инклюзия жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтер мен мамандардың біліктілігін арттыру

Орындаушылар Білім беру ұйымдарының басшылары, біліктілікті арттыру институттары

Аяқталу формасы Біліктілікті арттыру туралы сертификаттар, өткізілген курстар мен семинарлар туралы есептер



Өткізу кезеңдері

1

Дайындық

- жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау
- біліктілікті арттыру курстарының жоспарын әзірлеу
- тренингтер мен шеберлік сыныптарының кестесін жасау

2

Жұмысты таңдау және жоспарлау

- курстар мен тренингтер үшін тақырыптарды таңдау
- оқу модульдері мен практикалық тапсырмаларды әзірлеу
- материалдар мен ресурстарды дайындау

3

Курстар мен шеберлік сыныптарын өткізу

- теориялық және практикалық сабақтар өткізу
- заманауи тәсілдер мен әдістерді қолдану
- практикалық сабақтарды ұйымдастыру

4

Тәжірибелік дағдыларды пысықтау және тәжірибе алмасу

- бірлескен сабақтар мен воркшоптар өткізу
- кейстерді талқылау және шешімдер әзірлеу
- әріптестер мен сарапшылардың кері байланысы

5

Бағалау және кері байланыс

- курс және оның тиімділігі туралы қатысушылардың пікірлерін жинау
- өткізілген іс-шараларды талдау
- нәтижелерді сайттарда жариялау
- педагогикалық кеңестерде талқылау



ИНКЛЮЗИВТІ ПРАКТИКА



2-АСПЕКТ

ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕНІ ДАМЫТУ

Инклюзивті практика – барлық білім алушылар үшін олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру ортасының икемділігі мен әртүрлілігі негізінде қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын құру.



- Педагогтер әр баланың қажеттіліктерін қалай тиімді анықтап, ескеруі керек?
- Оқу материалдарын бейімдеу үшін педагогтер қандай стратегиялар мен әдістерді қолдана алады?
- Кері байланыс алу мен бағалаудың қай тәсілдері оқу және тәрбие процесін жақсартуға көмектеседі?



Оқу бағдарламаларын бейімдеу мәселелері ҚР ОАМ № 92 бұйрығына сәйкес реттеледі



ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БЕЙІМДЕУ

«Білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді» (*«Білім туралы» Заң*)

**Оқу
бағдарламаларын
бейімдеу**

білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мазмұнын, әдістерін, оқыту және бағалау формаларын өзгерту және бейімдеу үдерісі

**Бейімдеу
мақсаты**

барлық білім алушылар үшін, олардың физикалық, зияткерлік, эмоциялық немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, оқу материалының қолжетімділігін және табысты меңгерілуін қамтамасыз ету

**Бейімдеудің
басты міндеті**

әрбір оқушы жалпы білім беру бағдарламасы аясында басқа оқушылармен тең дәрежеде білім алып, дамуға мүмкіндік алатындай жағдай жасау





ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫН БЕЙІМДЕУ АЛГОРИТМІ

1

- оқу жетістіктері карталарын (педагогикалық диагностика хаттамаларын) талдайды

2

- қалыптасу кезеңінде тұрған пәндік біліктер мен дағдыларды анықтайды

3


- негізгі білімдегі/алдыңғы оқу кезеңі немесе сынып бойынша білімдегі олқылықтарды және оқу тапсырмаларын орындаудағы қиындықтарды анықтайды

4

- оқушының жұмысқа қабілеттілік ерекшеліктерін талдайды: қанша минут өнімді жұмыс істейді, қашан демалыс қажет

5

- эмоциялық-ерік саласының ерекшеліктерін анықтайды (сәтсіздік пен табысқа реакциясы, басталған жұмысты соңына дейін орындау қабілеті және т.б.)





Өткізу кезеңдері

1

Бейімдеу амалы

- оқу материалының мазмұнын өзгерту
- арнайы оқыту әдістерін қолдану
- оқу қарқынын түзету
- көмекші технологиялар түріндегі қолдау
- бағалау тәсілдерін өзгерту

2

Нені қамтиды?

- күрделі тақырыптарды неғұрлым түсінікті етіп жеңілдету немесе бөлу
- көрнекі, аудиалды, практикалық әдістерді қолдану
- материалды игеруге және тапсырмаларды орындауға қосымша уақыт беру
- арнайы құрылғыларды, бағдарламаларды, көрнекі материалдарды пайдалану
- білімді балама тәсілдермен көрсету мүмкіндігі (жобалар, ауызша жауаптар, көрнекі материалдарды пайдалану және т. б.)

3

Кімге арналған?

- психикалық дамуы тежелген, зияты зақымдалған, аутизмі бар, көру, есту қабілеті зақымдалған, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар білім алушыларға
- білім алушыларға олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, педагогтың шешімі бойынша

Қай жерде көрініс табады?

4

- Пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспарында ескерту түрінде
- Педагогтің қысқа мерзімді жоспарында сараланған/жеке тапсырмалар түрінде
- Білім алушының жеке бағдарламасында құнды кері байланыс түрінде



ЖЕКЕ ҚОЛДАУДЫ ДАМУ АЛГОРИТМІ

Кезең	Жұмыс мазмұны	Кім өткізеді?
1 Баланың ерекше қажеттіліктерін бағалау	баланың қабілеттері мен қажеттіліктерін жан-жақты диагностикалау білім алушының мықты жақтарын және қолдауды қажет ететін бағыттарды анықтау	Педагог және ППҚҚ мамандары
2 Оқытудың мақсат-міндеттерін қою	оқу үдерісінің қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарын айқындау; ерекше қажеттіліктер мен жеке мүмкіндіктерді ескеріп, нақты, өлшенетін және қолжетімді мақсаттарды белгілеу	Педагог және ППҚҚ мамандары
3 Оқыту мазмұны мен әдістерін бейімдеу	оқытудың арнайы әдістері мен технологияларын қолдану	Педагог және ППҚҚ мамандары
4 Қолдау формаларын анықтау	оқушыға қосымша қолдаудың көлемін анықтау (психолог, логопед, дефектолог, педагог-ассистенттер және т.б.) отбасымен және мамандармен өзара әрекеттесу формаларын жазу	Педагог және ППҚҚ мамандары
5 Білім беру процесін ұйымдастыру	сабақ кестесіндегі мүмкін өзгерістерді қоса алғанда, оқу күнінің форматын анықтау сыныптағы оқу кеңістігін ұйымдастыру шарттарын көрсету	Педагог және ППҚҚ мамандары
6 Прогресті мониторингілеу және бағалау	баланың жетістіктері қойылған мақсаттарға сәйкес тұрақты түрде бағалау қолдау жоспары оқушының қажеттіліктері мен жетістіктерінің өзгеруіне қарай түзету	Педагог және ППҚҚ мамандары



ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ

Жеке оқу бағдарламасы – баланың жетістіктеріне қарай үнемі қайта қарауды және түзетуді талап ететін «тірі» құжат. Жеке оқу бағдарламасын (ЖОБ) арнайы педагог (дефектолог) құрастырады.

ЖОБ-пен жұмыс істеудегі ең маңызды аспект – арнайы педагогтің мұғалімдермен және ата-аналармен тұрақты өзара әрекеттесуі.

Жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу

зияты зақымдалған балалар үшін білім алушының ерекшеліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін жекелендірілген оқу жоспарын құру үдерісі.

Мақсаты

әрбір балаға оның мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру ортасында барынша даму мүмкіндігін қамтамасыз ету.





Жеке оқу бағдарламаларын құру алгоритмі

- 1 оқу жетістіктері карталарын (педагогикалық диагностика хаттамаларын) талдайды
- 2 білім алушыда қалыптасқан, бірақ зияты зақымдалған балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламасына енгізілмейтін дағдыларды анықтайды
- 3 тиісті бөлімнен білім алушы жеткен оқу мақсаттарын тауып, келесі қадамдарды оқу мақсаттары түрінде айқындайды
- 4 оларды жеке оқу бағдарламасына енгізеді; оқу жетістіктері карталарынан педагогтің көмегімен жүзеге асырылатын дағдыларды (жақын даму аймағы) анықтап, оларды да жеке оқу бағдарламасына қосады
- 5 педагогикалық диагностика нәтижесінде анықталған білімдегі олқылықтарды талдайды (оқушы жетпеген оқу мақсаттары), олардың ішінен дайындық кезеңінсіз (яғни базалық/аралық дағдыларды қалыптастыруды қажет етпейтін) толықтыруға болатындарын жеке оқу бағдарламасына енгізеді
- 6 білім алушының біліміндегі олқылықтарды бөліп көрсетеді, оларды толықтыру үшін пәндік білімді қалыптастыру логикасына және зияты зақымдалған білім алушыларға арналған арнайы оқыту әдістемесінің талаптарына сәйкес дайындық жұмысы қажет болады





Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау кезінде арнайы педагог жетістіктері картасының мысалы (1-сынып)

Бағдарлама бөлімі оқу мақсаттары – күтілетін нәтижелер	Жетістік белгілері мақсаттар: +, -, комментарийлер
Ана тілі	
0.1.1.1 сөйлеу ағынынан сөзді бөлектеу	-
0.1.1.2 сөзді және ол білдіретін затты ажырату	-
Математика	
0.1.1.1 заттардың тобынан қасиеттері бірдей (түсіне, көлеміне, түріне қарай) заттардың суретіндегі бір немесе бірнешеуін анықтау	+
0.1.2.1 екі салыстырылатын үлкен-кішкентай затты тану және көрсету	+
0.1.11.2 жазық заттарды шамасына қарай салыстырғанда мұғалімнің көрсетуі бойынша, үлгі бойынша, мұғалімнің сөздік нұсқауы бойынша өздігінен салу (көлемді заттарды салыстырғанда қою) тәсілдерін пайдалану	- (тең біріншісін біледі және көрсетеді)
Жұмысқа қабілеттілік ерекшеліктері	
Оқу әрекетінің ерекшеліктері	
Оқулықпен және дәптермен жұмыс істеу дағдылары	
Эмоциялық жай-күйі	
Жеке қасиеттері	
Қорытынды	



Зияты зақымдалған балаларға арналған жетістіктер картасын әзірлеу кезінде АИБД ҰҒПО сайтында зияты зақымдалған балаларға арналған ҮОЖ-дан мақсаттар алынады





ОҚЫТУДЫҢ ӘМБЕБАП ДИЗАЙНЫ (UDL)

оқу үдерісін барынша қолжетімді әрі жайлы етіп ұйымдастыруға бағытталған тәсіл, ол білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарамастан, барлығына қолайлы жағдай жасауға негізделеді. Оқытудың әмбебап дизайны (UDL) білім алушылардың әрүрлілігін: қабілеттері, қажеттіліктері мен оқу стилдері әртүрлі болатынын ескере отырып, әрбір білім алушының білім беру үдерісіне тиімді қатысуына мүмкіндік беруге арналған

Принцип	Білім алушыларға оқу материалын ұсынудың әртүрлі формалары	Білім алушылардың меңгерілген материалды ұсынуының әртүрлі формалары	Білім алушыларды оқу процесіне тартудың әртүрлі формалары
Сипаттамасы	Барлық оқушыларды қамту үшін әртүрлі тәсілдермен ақпарат беру	Білімді әртүрлі формалар мен әдістер арқылы көрсету мүмкіндігі	Оқыту әдістеріне икемділік арқылы оқушылардың мотивациясы мен қатысуын қолдау
Қолдану үлгісі	Бір оқу материалы үшін мәтіндерді, бейнелерді, аудионы, графиктерді пайдалану	Жобалар, ауызша презентациялар, тесттер, эсселер	Жобалар үшін тақырыптарды немесе талқылауларға қатысу тәсілдерін таңдау мүмкіндігі



Білім
алушылардың
жеке
ерекшеліктеріне
тәуелділікті
қабылдаудың
бірнеше
тәсілдері

- әртүрлі материалдарды пайдаланыңыз: мәтіндер, бейнематериалдар, аудио, диаграммалар
- көрнекі нұсқаулықтарды, сызбаларды, инфографикаларды қолданыңыз
- материалдарды алдын ала өз бетінше танысу үшін қолжетімді етіңіз

Білім
алушылардың
жеке
ерекшеліктеріне
байланысты
білдіру тәсілдері

- оқушыларға өз білімін қалай көрсетуге болатынын таңдауға мүмкіндік беріңіз: тесттер, жобалар, ауызша жауаптар, эссе жазу, сурет салу, ән айту
- технологиялар қолдаңыз: презентациялар, бейнерепортаждар, интерактивті тапсырмалар

Білім
алушылардың
жеке
ерекшеліктеріне
байланысты
тартудың
бірнеше
тәсілдері

- сабақтарды түрлендіріңіз: топтық тапсырмалар, пікірталастар, жеке жобалар
- оқушыларға тапсырмаларды орындау тәсілін таңдауға мүмкіндік беріңіз
- ойын элементтері мен интерактивті тапсырмаларды енгізіңіз





Әртүрлі қиындықтары бар балалармен жұмыс бойынша ұсынымдар

Зияттың зақымалуы

Әдістер:

- Тапсырмаларды шағын әрі нақты құрылымдалған бөліктерге бөліңіз
- Көрнекі мысалдар мен қарапайым түсіндірулерді қолданыңыз
- Материалды әртүрлі форматта (ойындар, жаттығулар, көрнекі көрсетілімдер) бірнеше рет қайталаңыз



Есту қабілетінің зақымдалуы

Әдістер:

- Көрнекі материалдарды қолданыңыз: презентациялар, субтитрі бар бейнематериалдар, сызбалар
- Күрделі тақырыптарды түсіндіру үшін ым тілі немесе мәтіндік нұсқаулықтарды пайдаланыңыз
 - Жазбаша нұсқаулықтар мен материалдарды алдын ала өз бетімен оқып үйренуге ұсыныңыз



Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы



Әдістер:

- Физикалық қажеттіліктерді ескере отырып, жайлы жұмыс орнын қамтамасыз етіңіз
- Тапсырмаларды орындау үшін технологиялық құралдарды пайдаланыңыз: планшеттер, бейімделген енгізу құрылғылары бар компьютерлер
- Тапсырмалар мен тесттерді орындауға көбірек уақыт беріңіз



Сөйлеу қабілетінің зақымдалуы

Әдістер:

- Жазбаша тапсырмалар мен мәтіндермен жұмысты көбірек енгізіңіз
- Оқушыларға өз ойларын жазбаша жауаптар, жобалар, суреттер арқылы білдіруге мүмкіндік беріңіз
- Топпен жұмыс барысында технологияларды қолданыңыз: дауыс көмекшілері, сөйлеуді дамытуға арналған бағдарламалар



Әртүрлі қиындықтары бар балалармен жұмыс бойынша ұсынымдар

Көру қабілетінің зақымдалуы

Әдістер:

- Тактильді материалдарды пайдаланыңыз (карталар, макеттер, модельдер)
- Тақырыптарды түсіндіру үшін дыбыстық сүйемелдеу мен аудиофайлдарды қолданыңыз
- Қаріп өлшемін үлкейтуге немесе аудиоформатқа түрлендіруге болатын мәтіндік материалдар әзірлеңіз (скрин-ридерлер)



Эмоциялық-ерік саласының бұзылуы

Әдістер:

- Сабақтың құрылымын тыныш және алдын ала болжанатындай етіңіз
- Тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беріп, эмоциялық қажеттіліктерді ескеріңіз
- Оқушыларды қолдап, ынталандыратын кері байланыс әдістерін қолданыңыз



Аутистік спектр бұзылуы



Әдістер:

- Физикалық қажеттіліктерді ескере отырып, жайлы жұмыс орнын қамтамасыз етіңіз
- Тапсырмаларды орындау үшін технологиялық құралдарды пайдаланыңыз: планшеттер, бейімделген енгізу құрылғылары бар компьютерлер
- Тапсырмалар мен тесттерді орындауға көбірек уақыт беріңіз



Назар жетіспеушілік және гипербелсенділік

Әдістер:

- Сабақтарды қысқартыңыз және жиі үзілістер енгізіңіз.
- Назарды сақтап тұру үшін физикалық белсенділікті талап ететін тапсырмаларды қолданыңыз.
- Қызығушылықты арттыру үшін ойын әдістерін, интерактивті тапсырмаларды және технологияларды пайдаланыңыз



Оқытудың әмбебап дизайны қолданылған сабақ үлгісі



Сабақтың үлгісі: «Күн жүйесінің ғаламшарлары»

Сынып: 4-сынып

Оқушы: Көру қабілеті зақымдалған білім алушы

Сабақтың мақсаты: білім алушыларды Күн жүйесінің ғаламшарларымен, олардың ерекшеліктерімен және орналасу тәртібімен таныстыру

UDL және көру қабілеті зақымдалған баланың ерекшеліктерін ескере отырып сабақ құрылымы

Кіріспе (5 минут):

Мұғалім сабақты “Күн жүйесінің қандай ғаламшарларын білесіңдер?” деген сұрақпен бастайды. Сынып өз жауаптарымен бөліседі, мұғалім оларды тақтаға жазады.

Көру қабілеті зақымдалған балаға бейімделуі:

Бала тақырыпқа байланысты аудиоматериал алады, оны құлаққап арқылы тыңдай алады. Мұғалім тақтаға жазылған әр ғаламшардың атауын дауыстап оқып береді.

Негізгі бөлім (20 минут): Мұғалім экранда ғаламшарлардың бейнелерін көрсетіп, түсіндіруді аудиосипаттамамен қатар жүргізеді (ғаламшарлардың көлемін салыстыру, олардың Күннен қашықтығы және негізгі сипаттамалары).

Көру қабілеті зақымдалған балаға бейімдеу:

Ғаламшарлардың тактильді модельдерін пайдалану (мысалы, әртүрлі көлемдегі шарлар), бала оларды қолымен ұстап көріп, ғаламшарлардың көлеміндегі айырмашылықты түсіне алады.

Сабақпен қатар тыңдай алатын әр ғаламшардың сипаттамасы бар аудиоподкаст немесе жазба.

Қысқаша мәтіндік материалдар ірі қаріппен немесе планшетте/ноутбукта қаріпті үлкейтуге арналған бағдарламалар арқылы ұсынылады.

Топтық жұмыс (10 минут):

Сынып Күн жүйесінің моделін қолдан материалдардан (пластилин, қағаз, фломастерлер) жасау үшін топтарға бөлінеді



САБАҚТЫҢ ҮЛГІСІ

ТАҚЫРЫБЫ: «Күн жүйесінің ғаламшарлары»

Көру қабілеті зақымдалған балаға бейімдеу: Оқушыға кеңістікте бағдарлануға көмектесетін серіктеспен жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі. Балаға тактильді модель (мысалы, пластилиннен жасалған ғаламшарлар) жасау ұсынылады. Топта қолданылатын материалдар ірі әрі қолмен ұстауға ыңғайлы болуы керек (мысалы, түрлі текстурадағы және көлемдегі шарлар). Қорытынды (5 минут): Оқушылар өздерінің жасаған Күн жүйесі модельдерін көрсетіп, ғаламшарлардың орналасуын түсіндіреді. Көру қабілеті зақымдалған балаға бейімдеу: бала өз моделін сипап сезу арқылы сипаттайды және бұрын тыңдаған ақпаратты еске түсіруге көмектесетін түсіндірмелерді қолдана отырып баяндайды

Үй тапсырмасы: Кез келген ғаламшар туралы ақпарат тауып, қысқаша ауызша әңгіме дайындау. Көру қабілеті зақымдалған балаға бейімдеу: материалды аудиоформатта ұсыну немесе диктофонға жазып, ауызша хабарлама дайындауға мүмкіндік беру. Сабақтың нәтижесі: көру қабілеті зақымдалған баланы қоса алғанда, барлық оқушылар оқу үдерісіне белсенді қатысады. Оқыту әдістерінің әртүрлілігі (тактильді модельдер, аудиоматериалдар, көрнекі және топтық жұмыс) әр оқушының барынша тиімді тәсілмен білім алуына мүмкіндік береді





ИНКЛЮЗИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Цифрлық ресурстар мүмкіндіктері

Оқу процесін балалардың қажеттіліктеріне бейімдеуге көмектесетін ІТ технологияларын қолдану

Оқу үдерісін ерекше білім беруді қажет ететін балаларға бейімдеуде цифрлық технологияларды пайдалану

Заманауи педагогиканың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл технологиялар оқытуды қолжетімді әрі қызықты етуге көмектеседі, әсіресе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін



Оқытуды жекелендіру: технологиялар оқу материалдарын әрбір оқушының деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл жеке тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді



Мотивация мен қызығушылықты арттыру: интерактивті және ойын элементтерін қолдану оқушыларды оқу үдерісіне тартуға көмектесіп, оны қызықтырақ етеді.



Инклюзия: цифрлық технологиялар ерекше білім беруді қажет ететін балаларға басқа оқушылармен тең дәрежеде білім алуға, бірдей материалдар мен мүмкіндіктерге қол жеткізуге жол ашады.





ОҚЫТУДЫ БЕЙІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫ

Интерактивті және мультимедиялық оқу материалдары

Құралдар

интерактивті
тақталар
проекторлар
бейне-
материалдар
анимациялар
инфографика

Мүмкіндіктер

визуализация
ақпараттың
қолжетімділігі
қарапайым-
дылық
көрнекілік
күрделі
тақырыптар-
ды түсіндіру

Кім үшін?

есту қабілеті
зақымдалған
балалар
жазу немесе
зейін
саласында
шектеулері
бар балалар
визуал
балалар

Арнайы оқу бағдарламалары мен қосымшалары

Құралдар

танымдық және
әлеуметтік
дағдыларды
дамытуға
арналған
бағдарламалар
(ABA-
платформалар)
ойын
платформалары
(Kahoot!,
LearningApps)

Мүмкіндіктер

әлеуметтік мінез-
құлық пен
қарым-қатынас
дағдыларын
дамыту
оқуға деген
қызығушылық
пен
мотивацияны
арттыру

Кім үшін?

аутистік
спектр
бұзылыстары
бар балалар
НЖГС бар
балалар
оқуға
мотивациясы
төмен
балалар



ОҚЫТУДЫ БЕЙІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫ

Адаптивті оқыту жүйелері және жасанды интеллект

Құралдар

бейімделетін платформалар (Khan Academy және т.б.) жасанды интеллект элементтері бар бағдарламалар

Мүмкіндіктер

жеке оқу траекториясын таңдау тапсырмалардың әртүрлі күрделілік деңгейі мен ұсынылу форматын ескере отырып, автоматтандырылған шешімдер

Кім үшін?

әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар

Жазбаша және сөйлеу байланысын жақсарту құралдары

Құралдар

жазу дағдыларын дамытуға арналған бағдарламалар суреттерге негізделген коммуникаторлар (PECS және т.б.) қосымшалар (AAC және т.б.)

Мүмкіндіктер

дауыс тану, орфографияны түзету қоршаған ортамен балама және қосымша коммуникация әлеуметтенуді дамыту

Кім үшін?

дисграфия және дислексиясы бар балалар аутизм спектрінің бұзылыстары бар, сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар балалар



«Бірге үйренеміз» ЖОБАСЫ

Әртүрлі жастағы және дайындық деңгейіндегі балалар бір-біріне белсенді түрде білім беріп, білім мен дағдылар алмасатын өзара оқыту бағдарламаларын енгізу

Жобаның мақсаты:

балалар бірге өсіп, дамитын, бір-бірін қолдап, шабыттандыруды үйренетін жайлы білім беру ортасын құру – бұл барлық қатысушылардың білім нәтижелерін, әлеуметтік және эмоциялық дамуын жақсартуға ықпал етеді

негізгі идея

әрбір бала, оның академиялық қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне қарамастан, тек оқушы ғана емес, басқалар үшін де ұстаз бола алатындай деңгейге жетуі





«Бірге үйренеміз» ЖОБАСЫ

Жобаны сәтті іске асыру мыналарға байланысты:

1

Тиімді тапсырмаларды әзірлеу

- Қысқаша тапсырмалар – «нұсқаулық-карточкалар»
- Тапсырмалар – оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай

2

Топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру

- тыңдай білу, көзбен байланыс орнату, қарапайым әрі
- түсінікті коммуникация
- сұрақ қоя білу, топ жұмысын ұйымдастыру сенім орнату, ұжымдық шешім қабылдау, жанжалдарды басқару, мадақтау, рөлдік ойындар

3

Кез келген туындайтын мәселелерді тиімді шешу

- сценарийлері «ойналатын» рөлдік ойындар
- мәселелерді шешу
- жекелеген оқушыларға «дос» ретінде жауапты сыныптастар бекіту






«Серіктестік» ЖОБАСЫ

Жоба мақсаты: педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін арттыру – бұл инклюзивті ортада оқытуға арналған әдістемелер мен тәсілдер бойынша кәсіби тәжірибе алмасу жүйесін құру арқылы жүзеге асырылады, мұнда педагогтер өзара қолдау мен ынтымақтастық жағдайында жұмыс істейді

Негізгі идея коучинг-сессиялар: педагогтер арасында өзара оқыту өткізіліп, олар инклюзивті ортада оқыту әдістері мен тәсілдерімен бөліседі





«Серіктестік» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

1

Жоспарлау және дайындық

- педагогтердің дайындық деңгейін бағалау
- жеке және жалпы мақсаттарды айқындау педагогтерге арналған оқытудың алуан түрлі әдістерін таңдау

2

Қатысушыларды анықтау:

- әртүрлі білім беру ұйымдарынан (мектептер, балабақшалар,
- инклюзивті білім беру орталықтары) педагогтерді іріктеу
- коучинг-сессиялар үшін 8–12 адамнан тұратын топтар құру

3

Сарапшылар мен коучтерді тарту

- инклюзивті білім беру саласында тәжірибесі бар мамандарды тауып, оларды курс ұйымдастыру және сессиялар жүргізу үшін
- тарту
- егер педагогтерде тренерлік тәжірибе болмаса, оларды
- топтармен жұмыс істеуге дайындау

4

Қолдау және тәлімгерлік

- тәлімгер-студент педагогтер бір-біріне жаңа материалды игеруге және іс жүзінде жүзеге асыруға көмектеседі

5

Нәтижелерді бағалау және рефлексия

- бірлескен жұмыс нәтижелерін талдау
- академиялық жетістіктерді және әлеуметтік дағдыларды бағалау (ынтымақтастық, көмек көрсету қабілеті)



Бұл жобаны сабақта, сыныптан тыс іс-шараларда, сынып сағаттарында, тақырыптық онкүндіктерде және т.б. форматтарда жүзеге асыруға болады



**ИНКЛЮЗИВТІ
МӘДЕНИЕТ**

3

3-АСПЕКТ

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Инклюзивті мәдениет – бұл әрбір адам өзін қабылданған, құрметтелген және қолдау тапқан орта құруға бағытталған құндылықтар, сенімдер, нормалар мен практикалар жүйесі, ол адамның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарамастан жүзеге асырылады



- Қоғамда инклюзивті құндылықтарды қабылдауға кедергі келтіретін стереотиптерді қалай жоюға болады?
- Педагог инклюзия қағидаттарын күнделікті тәжірибесіне қалай енгізе алады?
- Білім беру процесінің барлық қатысушыларын – педагогтерді, балаларды және ата-аналарды инклюзивті мәдениетті қалыптастыру процесіне қалай тартуға болады?





ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

«Сені көргенімізге қуаныштымыз!» жобасы

Білім беру ұйымдарындағы кедергісіз орта - ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда, барлық білім алушылар үшін қолжетімділік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жағдайлар

Құндылығы

«Бірлік пен ынтымақ» (Біртұтас)

Мақсаты

мектепке жаңадан келген оқушылардың бейімделуін жеңілдету үшін экскурсиялар, мектеп қызметкерлерімен таныстыру және интерактивті сабақтар ұйымдастыру

Жауаптылар

әкімшілік, сынып жетекшілері, педагогтер, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, еріктілер



«Сені көргенімізге қуаныштымыз» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

Дайындық

1

- жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау, іс-шаралар жоспары мен кестесін әзірлеу, оқу жылы басталғанға дейін бір апта бұрын материалдар мен ресурстарды дайындау

2

Экскурсиялар

- жаңа оқушылар мен олардың ата-аналарына мектеп ғимаратымен және мектеп ережелерімен таныстыру (сыныптар, асхана, кітапхана, медициналық кабинет және т.б.)

3

Мұғалімдермен және сынып жетекшісімен танысу

- оқу жоспарына қысқаша кіріспе, оқыту әдістерімен және оқушылардан күтілетін талаптармен таныстыру, бірінші апта ішінде сыныптарда немесе арнайы кездесу бөлмелерінде өткізіледі

4

Интерактивті бейімделу сабақтары

- педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, сыныптағы немесе арнайы сабақтардағы мұғалімдер ұйымшылдық ойындарын, стрессті жеңілдету жаттығуларын, талқылауды өткізеді

5

Кері байланыс

- қатысушылардан кері байланыс сауалнамалары
- педагогикалық кеңестің отырысында өткізілген экскурсиялар мен бейімделу сабақтары, мектеп сайттарында немесе әлеуметтік желілерде жарияланымдар туралы есептер.





ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

«Бәріміз бірдейміз» ЖОБАСЫ

Құндылығы

«Еңбекқорлық пен кәсібилік» (Біртұтас)

Мақсаты

мастер-класстар, тренингтер және медиа-контент құру арқылы инклюзияның маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру

Жауаптылар

әкімшілік, сынып жетекшілері, педагогтер, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, ата-аналар, еріктілер





«Бәріміз бірдейміз» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

1

Дайындық

жобаны өткізуден екі ай бұрын: жобаның мақсаттары мен міндеттерін анықтау, іс-шаралар жоспары мен кестесін әзірлеу, материалдар мен ресурстарды дайындау

2

Мастер-класстар мен тренингтер

пән мұғалімдері үшін педагог-психологтар, арнайы педагогтер және басқа да мамандар апта бойы мектептің акт залында немесе оқу кабинеттерінде өткізеді. Қатысушылар оқытудың инклюзивті әдістерін, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің психологиялық аспектілерін, инклюзивті орта құруды үйренеді

3

Интерактивті сабақтар мен талқылаулар

аптаның ортасында білім алушылар үшін сыныптарда, арнайы сабақтарда мұғалімдер мен психологтар өткізеді. Мазмұны: рөлдік ойындар, кейстерді талқылау, топтық жобалар

4

Медиа мазмұнды құру

мектепте, медиазонда немесе мектеп сайтында аптаның соңғы күндерінде мектеп оқушылары, мұғалімдер, еріктілермен

5

Кері байланыс

әдістемелік кеңестің, педагогикалық кеңестің отырысындағы іс-шаралар туралы есептер, қатысушылардың пікірлері, мектеп сайттарында немесе әлеуметтік желілерде жарияланымдар





ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

«Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы

Мақсаты

фильмдерді көру және талқылау арқылы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірі туралы хабардарлықты арттыру

Жауаптылар

әкімшілік, сынып жетекшілері, педагогтер, ППҚҚ, әлеуметтік педагогтер, кітапханашылар, ата-аналар, еріктілер





«Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы

1. Жоба басталардан бір ай бұрын дайындық: жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау, іс-шаралар жоспары мен кестесін әзірлеу, материалдар мен ресурстарды дайындау

2. Фильмдерді таңдау мұғалімдер тарапынан көрсетілім басталғанға дейін екі апта бұрын жүзеге асырылады

Оқу үдерісінде инклюзивті білім берудің маңыздылығы туралы фильмдердің мысалдары

Ғажайып, 2017

фильмде Т. Коллинз синдромы бар баланың қарапайым мектепке бейімделу тарихы баяндалады



Ерекшелер, 2019

аутизмнің ауыр түрлері бар балаларды қолдау және оқытумен айналысатын ұйымдардың жұмысын көрсететін француз фильмі



Менің атым Хан, 2020

Аспергер синдромы бар адамның әлемге маңызды ойды жеткізу үшін көптеген қиындықтарды еңсеруі туралы фильм



Жақсы балалар жыламайды, 2012

Лейкемия дертіне шалдыққан мектеп оқушысы туралы оқиға – мектеп ортасы мен мұғалімдердің қиын жағдайда оқушыға қалай қолдай алатынын көрсетеді





«Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жақсы түсіну үшін ата-аналарға арналған фильмдер

Тейт есімді кішкентай адам, 1991

Анасы баласының ерекше қабілеттері мен қалыпты өмірі арасындағы тепе-теңдікті табуға тырысатын вундеркинд туралы фильм



Тэмпл Грандин, 2010

Аутизммен өмірге келген, бірақ өз саласында профессор әрі сарапшы атанған Темпл Грандиннің өмірі туралы биографиялық фильм



Сынып алдында, 2008

Фильмде Туретт синдромымен ауыратын жас мұғалім Брэдон Коэннің өмірі баяндалады. Ол бала кезінен мұғалім болуды армандаған және өз ерекшеліктеріне қарамастан бұл мақсатына жеткен



Жердегі жұлдыздар, 2007

Дислексиясы бар сегіз жастағы Ишан Авасти есімді баланың тарихы, ол мектепте де, ата-анасы тарапынан да түсінбеушілікке тап болады





«Көзқарасты өзгертетін фильмдер» жобасы

Балаларға эмпатияны, төзімділікті және түсінушілікті дамытуға көмектесетін балаларға арналған мультфильмдер

Лука, 2021

Мультфильмде Лука есімді теңіз құбыжығы туралы әңгімеленеді, ол адамдардың ортасына түсіп, олардың алдына шыққан теріс көзқарастар мен таптаурындарға тап болады



Аспандағы ғажайып, 2016

Фильм сирек кездесетін ауруға шалдыққан қыз баланың шынайы оқиғасына негізделген, ол физикалық және эмоциялық қиындықтармен күреседі




Немоны іздеу, 2003

Бір жүзбеқанаты екіншісіне қарағанда қысқалау болып туған ерекше кішкентай балық Немо туралы мультфильм



Фердинанд, 2017

Басқа бұқалардан мейірімділігімен және шайқастарға қатысқысы келмейтіндігімен ерекшеленетін бұқа туралы анимациялық фильм





ПОЗИТИВТІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ ҚҰРУ

«Бірге уақыт өткізейік» ЖОБАСЫ

Құндылығы	әділдік және жауапкершілік (Біртұтас)
Мақсаты	ойындар, рөлдік жаттығулар, спектакль қою және тренингтер арқылы бірлікті, достықты және эмпатияны дамыту
Жауаптылар	мектеп директорының орынбасарлары, сынып жетекшілері, ППҚК, оқушылар, ата-аналар



«Бірге уақыт өткізейік» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

1

Дайындық, 1 ай

- Жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу, кесте құру, материалдар мен ресурстарды дайындау

2

Іс-шараларды таңдау және жоспарлау

(басталғанға дейін екі апта бұрын)

- Мектеп мұғалімдеріне арналған ППҚҚ мамандарының мастер-класстар, ашық сабақтар, тренингтер өткізуі

3

Іс-шараларды өткізу

(2 апта)

- Ойындар, рөлдік жаттығулар, спектакльдер қою және тренингтер өткізу. Барлық қатысушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, қолдаушы атмосфераны қалыптастыру

4

Талқылау және рефлексия

- Әрбір іс-шарадан кейін пікірталастар ұйымдастыру. Нәтижелерді талдау, алған әсерлер мен жетістіктерді талқылау

5

Кері байланыс

- Қатысушылардың пікірлерін жинау, өткізілген іс-шараларды талдау, есеп құрастыру. Есепті әдістемелік кеңес отырысында таныстыру, қатысушылардың пікірлерімен бөлісу, мектеп сайттарында немесе әлеуметтік желілерде жариялау

Бұл жобаны сыныптан тыс іс-шараларда, сынып сағаттарында, тақырыптық онкүндіктерде және т.б. жүзеге асыруға болады



Бірлікке, достыққа және жанашырлыққа ықпал ететін ойындардың мысалдары



Құпия комплимент

Мақсаты: достық қарым-қатынасты және бірлікті нығайту

Сипаттамасы: әр қатысушы басқа бір қатысушыға арналған анонимді комплиментті қағазға жазады. Кейін бұл жазбалар жиналып, қайтадан таратылып беріледі. Қатысушылар өз комплименттерін дауыстап оқиды, содан кейін олар не сезінгенін және бұл олардың өзгелерге деген көзқарасына қалай әсер еткенін талқылайды

Өрмекші адам

Мақсаты: топтық жұмысты және сенімділікті дамыту

Сипаттамасы: қатысушылар шеңбер жасап тұрып, арқанды немесе таспаны қолдарына ұстайды. Қатысушылардың бірі көзін жұмып, бөлменің ішінде қозғалады, ал қалғандары арқанды ұстай отырып, оны бағыттайды. Бұл жаттығу үйлесімділікті және өзара сенімді қажет етеді.



Шиеленісу

Мақсаты: топтық бірлікті қалыптастыру

Сипаттамасы: қатысушылар шеңбер жасап тұрады да, қолдарын созып, екі түрлі қатысушының қолынан ұстайды. Кейін олар қолдарын жібермей, айналып, бір-бірімен әрекеттесе отырып, бастапқы шеңберге қайта келуі керек





Бірлікке, достыққа және жанашырлыққа ықпал ететін рөлдік ойындардың мысалдары

Бөгде аяқкиім

Мақсаты: эмпатияны дамыту.

Сипаттамасы: қатысушылар белгілі бір рөлді таңдайды (мысалы, көру қабілеті зақымдалған адамды) және сол рөлде біраз уақыт болады. Кейін олар басқа адамдардың сезімі мен қиындықтары туралы не түсінгенін талқылайды



Қақтығысты шешу

Мақсаты: коммуникация мен

қақтығысты шешу дағдыларын жетілдіру

Сипаттамасы: қатысушылар арасында қақтығыс туындайтын жағдаяттар бейнеленеді (мысалы, екі дос немесе сыныптастар арасындағы келіспеушілік). Олар бұл қақтығысты келіссөздер мен эмпатия арқылы шешуге тырысады, кейін не тиімді болғанын, ал не әсер етпегенін бірге талқылайды

Кейіпкермен сұхбат

Мақсаты: әртүрлі көзқарастар мен ұстанымдарды түсіну

Сипаттамасы: бір қатысушы танымал адам немесе ойдан шығарылған кейіпкер рөлін ойнайды, ал қалған қатысушылар оған өмірі, қиындықтары мен жетістіктері туралы сұрақтар қойып, сұхбат жүргізеді





Бірлікке, достыққа және жанашырлыққа ықпал ететін спектакльдер мысалдары

Іштегі әлем

Мақсаты: ішкі әлем мен эмоциялық күйлер тақырыбын ашу

Сипаттамасы: қатысушылар әртүрлі адамдардың, оның ішінде қиындықтарға тап болған жандардың ішкі күйзелістерін бейнелейтін спектакль құрап, орындайды. Спектакльден кейінгі талқылау ішкі сезімдердің мінез-құлық пен қарым-қатынасқа қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі



Бір достықтың тарихы

Мақсаты: достық пен қолдау тақырыптарын зерттеу

Сипаттамасы: қойылымда екі кейіпкер өзара қолдау мен түсіністік арқылы қиындықтарды еңсереді. Спектакльден кейін достардың қиын сәттерде жанынан табылуының маңызы талқыланады



Болашақ бірге

Мақсаты: бірлескен болашақты елестету және жоспарлау

Сипаттамасы: қатысушылар ынтымақтастық пен қолдаудың арқасында бәрі мінсіз жұмыс істейтін болашақты бейнелейтін көрініс қояды. Талқылау барысында мұндай болашақты шындыққа қалай айналдыруға болатыны сөз болады





Бірлікке, достыққа және жанашырлыққа ықпал ететін тренингтер мысалдары

Әрекеттегі эмпатия

Мақсаты: эмпатия дағдыларын дамыту

Сипаттамасы: тренингке қатысушылар «өзін басқа адамның орнына қою» қажет болатын жаттығулар орындайды. Жаттығуларға өмірлік жағдайларды сипаттау, сол сәттегі сезімдерді талқылау және басқаға көмектесе алатын әрекеттерді ойлап табу кіреді



Топтық жұмыс

Мақсаты: топ ішіндегі өзара әрекеттестікті жақсарту

Сипаттамасы: тренинг түрлі тапсырмалар мен челенджерді қамтиды, оларды орындау үшін топтық жұмыс қажет. Мысал ретінде – мәселені шешу немесе бірлесіп орындауды, ынтымақтастық пен сенімді талап ететін тапсырмалар келтірілуі мүмкін

Кері байланыс және қолдау

Мақсаты: конструктивті кері байланыс беруді үйрету

Сипаттамасы: қатысушылар конструктивті кері байланысты дұрыс беруді және қабылдауды үйренеді. Тренингке тиімді коммуникация мен қолдаушы өзара әрекеттестікті дамытуға бағытталған рөлдік ойындар мен пікірталастар кіреді





«Отбасы және мектеп» ЖОБАСЫ

Құндылығы

«Бірлік пен ынтымақ» (Біртұтас)

Мақсаты

бірлескен іс-шаралар арқылы отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекеттесуді күшейту

Жауаптылар

мектеп директорының орынбасарлары, сынып жетекшілері, ППҚК, білім алушылар, ата-аналар, еріктілер





«Отбасы және мектеп» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

Дайындық, 1 ай

1

- Жобаның мақсаттары мен міндеттерін айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу, кесте құру, материалдар мен ресурстарды дайындау

2

Іс-шараларды ұйымдастыру

- «Балаңа үлгі бол»: ата-аналар өз тәжірибелерімен және балаға жағымды ықпал ету әдістерімен бөлісетін кездесулерді ұйымдастыру
- «Жылулық сыйлаған күлкі»: жағымды эмоцияларды дамыту мен отбасы қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу

3

Іс-шараларды өткізу (2 апта)

- Жоспарланған іс-шараларды өткізу, барлық қатысушыларды тарту, жағымды атмосфера қалыптастыру

4

Талқылау және рефлексия:

- Іс-шаралардан кейін пікірталастар мен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру. Нәтижелер мен тәжірибені талдау

5

Кері байланыс

- Қатысушылардың пікірлерін жинау, іс-шаралардың сәттілігін талдау, есеп дайындау. Әдістемелік кеңестің, педагогикалық кеңестің отырысындағы есеп, қатысушылардың пікірлері, мектеп сайттарында немесе әлеуметтік желілерде жарияланымдар





«Аутизм – бізбен бірге» ЖОБАСЫ

- Құндылығы** «Бірлік пен ынтымақ» (Біртұтас)
- Мақсаты** аутизмі бар балалар туралы хабардарлық деңгейін арттыру
- Жауаптылар** мектеп директорының орынбасарлары, сынып жетекшілері, ППҚҚ, білім алушылар, ата-аналар, еріктілер





Аптаның ашылуы:

1-күн

Аутизм тақырыбына кіріспе

Тақырыптар: «Аутизм деген не?», «Аңыздар мен шындық», «Аутизмді қалай тануға болады»

Өткізу формасы: жалпы мектептік сап түзеу, мектеп психологының немесе маманның сөзі, қысқаметражды бейнефильмдерді көру, ата-аналармен дөңгелек үстел ұйымдастыру

2-күн

Білім беру және инклюзия күні

Тақырыптар: «Аутизмі бар балаларды мектепте қолдау әдістері», «Инклюзивті практикалар»

Өткізу формасы: мұғалімдерге арналған интерактивті шеберлік сабақтар, оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша семинар, инклюзия тақырыбындағы ашық сабақтар өткізу.

3-күн

Саналы көзқарас пен эмпатия күні

Тақырыптар: «Аутизмі бар сыныптасыңды қалай қолдауға болады», «Эмпатия және өзара түсіністік»

Өткізу формасы: балаларға арналған ойын түріндегі тренингтер, интерактивті сабақтар, қабылдау ерекшеліктері тақырыбындағы симуляциялық ойындар

4-күн

Ата-аналармен жұмыс күні

Тақырыптар: «Аутизмі бар баланың мектепке бейімделуіне қалай көмектесуге болады», «Аутизмі бар балалардың білім алуға құқығы»

Өткізу формасы: ата-аналарға арналған консультациялар, педагогтармен ашық кездесулер, мамандардың дәрістері

5-күн

Аптаның жабылуы

Қорытынды жасау

Тақырыптар: «Нәтижелер мен қорытындылар», «Мектептегі инклюзияны одан әрі дамыту жолдары»

Өткізу формасы: ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шығармашылық жұмыстарының мектепішілік көрмесі, балалар мен ата-аналардың сөз сөйлеуі, қорытынды дөңгелек үстел өткізу



«Келіссөздер үстелі» ЖОБАСЫ

Құндылығы

«Бірлік пен ынтымақ» (Біртұтас)

Мақсаты

Инклюзия мәселелерін талқылау және отбасы мен мектептегі психологиялық климатты жақсарту

Жауаптылар

Мектеп директорының орынбасарлары, сынып жетекшілері, ППҚК, білім алушылар, ата-аналар, еріктілер





«Келіссөздер үстелі» ЖОБАСЫ

Өткізу алгоритмі

Дайындық 1 ай

1

- талқылаудың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау, күн тәртібін әзірлеу, қатысушыларды шақыру, материалдарды дайындау

2

“Келіссөздер үстелін” жүргізу

- инклюзия тақырыптары бойынша пікірталастарды ұйымдастыру және өткізу (төменде қараңыз), психологиялық климатты жақсарту бойынша тәжірибе және идеялармен алмасу.

3

Талқылау және талдау (2 апта)

- ұсыныстар мен идеяларды талқылау, олардың шынайылығы мен ықтимал шешімдерін бағалау, іс-қимыл жоспарын әзірлеу

4

Ұсыныстар мен әрекеттерді әзірлеу:

- ұсыныстарды енгізу бойынша ұсыныстарды тұжырымдау, психологиялық климатты жақсарту жөніндегі жоспарды әзірлеу

5

Бағалау және кері байланыс:

- қатысушылардың пікірлерін жинау, талқылау нәтижелерін талдау, есеп пен ұсыныстар дайындау. Мектептегі және отбасындағы климатты жақсарту бойынша ұсынымдар





Талқылауға арналған тақырып үлгілері



Мектептегі инклюзия: кедергілер мен мүмкіндіктер

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қатысты стереотиптерді қалай жеңуге болады?

Мектеп инфрақұрылымында қандай өзгерістер барлық балалардың өздерін жайлы сезінуіне көмектесе алады?

Барлық оқушылардың табысына ықпал ететін инклюзивті білім беру ортасын қалай құруға болады?

Сынып пен отбасындағы психологиялық ахуал: мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың рөлі

Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасында сенімді қарым-қатынасты қалай қалыптастыруға болады?

Балалардың психологиялық жайлылығына қандай факторлар әсер етеді және оларды қалай жақсартуға болады?

Мектептегі және отбасындағы ахуалды жақсартуға бағытталған үдерістерге ата-аналарды қалай тартуға болады?



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға эмоционалдық қолдау көрсету

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды қолдау жүйесін қалай құруға болады?

Балаларды эмпатия танытуға және сыныптастарын қолдауға қалай үйретуге болады?

Сыныптағы эмоционалдық жағдайды жақсартуға қандай іс-шаралар көмектесе алады?

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Инклюзивті ортаны қалыптастыру:

Білім беру үдерісіне барлық білім алушылардың тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету – әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасап, қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады



Қызметкерлердің біліктілігін арттыру:

Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби дағдылары мен білімдерін жетілдіру – инклюзивті оқыту әдістерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді



Білім берудің қолжетімділігін арттыру:

Білім беру ұйымдары ғимараттарындағы архитектуралық және ұйымдастырушылық кедергілерді жою, сондай-ақ оқу материалдары мен ресурстардың қолжетімділігін жақсарту



Қақтығыстар мен буллингті азайту:

Медиацияны мектеп мәдениетіне енгізу және буллингтің алдын алу – білім беру ұйымындағы атмосфераны жақсартып, барша үшін қауіпсіз әрі сыйластыққа негізделген орта қалыптастырады



Жаңа білім алушыларды бейімдеу және қолдау:

Жаңа келген оқушылардың табысты бейімделуін қамтамасыз ету және барлық балалардың әлеуметтік тұрғыда сәтті кірігуі үшін тәлімгерлік пен қолдау бағдарламаларын енгізу



Оқушылардың қатысуы мен белсенділігі:

Балалардың оқу үдерісі мен шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуы – олардың мотивациясын арттырып, білім сапасын жақсартады



Ата-аналар мен жергілікті қауымдастықтарды тарту:

Инклюзивті білім беруді қолдау және оған деген түсінікті арттыру мақсатында ата-аналармен және жергілікті қауымдастықтармен тығыз байланыс орнату